



ТҮРКПА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСТІК КОМИССИЯСЫНЫҢ

V ЖИНАЛЫСЫ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕРДЕ ЭКОНОМИКАНЫ

ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ

БАЯНДАМА

I. КІРІСПЕ

1. Мықты, қарқынды әрі түрленген экономика әлемдегі қай елдің болмасын мақсаты. Диверсификацияланған экономика білім мен жаңа технологияның дамуына септігін тигізе, тұрақты саяси ахуалға қол жеткізуге жәрдемдесе отырып, байлықты ұлғайту және жұмыс орындарын жарату арқылы елдің әл-ауқатын арттырады. Осы ретте ТүркПА-ға мүше елдер аталмыш мәселеге қатысты өз көзқарастары мен стратегияларын түзген.
2. Қазба байлықтарға өте тәуелді ел үшін экономиканы қозғалысқа келтіру – ауыр міндет. Экономика мен экспорттың диверсификациясы ұзақ мерзімді қауырт өсуге игі ықпалын тигізетін болғандықтан, қазба байлыққа тәуелді елдер өздерінің тау-кен өнеркәсібінен тәуелділігін азайту үшін түрлі стратегияларды қолға алды.
3. Табысты диверсификациялау (түрлендіру) жоспары табанды саяси ерік-жігерді, бірізді үкімет стратегиясын және қомақты қаражат қажет етеді. Осындай жоспар түзген қазір аса қиынға түспейді, себебі, елдер арасында институттанған ынтымақтастық бар және де аталған жоспардың жүзеге

асуына жаңа технологиялар, қажетті білім және озық тәжірибе бөлісу септігін тигізеді.

4. Табиғи байлықтар даму үшін үлкен мүмкіндіктер жасағанымен, минерал экспортынан пайда түсіретін елдер кейбір қиындықтарға ұшырайды. Жақсы уақыттарда шикізат экспорты табиғи ресурстарға бай елдерге орасан зор қаржылай табыс әкеліп, экономиканың қауырт өсуіне жағдай жасаса, елге келетін үлкен көлемдегі шетелдік валюта мен шикізат бағаларының тұрақсыздығы микроэкономикалық басқаруды қиындатып, күрт баға өзгерістеріне кіріптар етеді.
5. Экономиканы түрлендіру елдердің сыртқы дүрбелеңдерге кіріптарлығын азайтып қана қоймай, минерал байлықтың пайдасын оңтайлы жұмсауға жақсы мүмкіндіктер жаратады.
6. Осы баяндама Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның ұлттық делегациялары ұсыныстарына және экономикалық мәселелермен айналысатын ұйымдардың дерегіне сүйене отырып жасалды.

II. МҮШЕ ЕЛДЕРДЕГІ ЭКОНОМИКАНЫ ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ

7. Баяндамада мүше елдердегі экономикалық көрсеткіштер мен диверсификация стратегиялары жайлы айтылады. Экономиканы түрлендіруді көздеген жұмыс нәтижелері әртүрлі және бұл жерде бастапқы экономикалық жағдайлар, тиісті жоспарлар мен оларды орындау барысы ескерілуі керек.
8. Барлық ТүркПА-ға мүше елдерде үкіметтер әжептәуір жақсы макроэкономикалық ортаның тұрақтылығына көңіл бөлді және экономикалық түрлену стратегиясын түзіп, жүзеге асыруда басты рөлді ойнады. Үкімет өкілдері табиғи ресурстарға сүйене дамыған экономикаларға тән тәуекелдерді түсінді. Сонымен бірге, үкіметтер экономикалық және экспорттық диверсификацияны шапшаңдату үшін арнайы ынталандырулар мен институттар жаратты.

9. ТүркПА-ға мүше елдердегі диверсификацияның соңғы уақыттардағы аяқ алысы әр елдің өзінің әлеуметтік-экономикалық негізі мен рыноктық потенциалына қарай ұлттық стратегияларында тиісті басымдықтарының бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, барлық төрт мемлекет те шетелдік инвестицияларға маңыз береді және де инвестициялық ахуалдың тұрлаулы жетілуін көздей отырып, либерализация саясатын ұстанады. Кейбір елдер тіпті шетелдік инвестициялар үшін «ашық есік» саясатын жүргізуде.

Әзербайжан

Әзербайжанның 2015 жылдағы басты макроэкономикалық көрсеткіштері
(өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда %)

| | <i>January-March</i> | <i>January-June</i> | <i>January-September</i> | <i>January-December</i> |
|-----------------------|----------------------|---------------------|--------------------------|-------------------------|
| Жалпы ішкі өнім | 105,3 | 105,7 | 103,7 | 101,1 |
| Өнеркәсіп өнімі | 103,9 | 103,8 | 102,1 | 102,4 |
| Ауылшаруашылық өнімі | 103,4 | 107,3 | 106,7 | 106,6 |
| Инвестициялар | 103,0 | 103,7 | 100,5 | 88,9 |
| Жүк тасымалы | 102,7 | 101,6 | 101,1 | 100,6 |
| Бөлшек сауда айналымы | 109,6 | 113,4 | 111,4 | 110,9 |

дереккөз: ТМД Мемлекетаралық статистика комитеті

10.2016 жылдың 10 қаңтарында Президент Илхам Әлиев 2015 жылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәжілісін өткізген кезде елдің пост-мұнай дәуіріне өткенін айта отырып, қазіргі кездегі экономикаға төніп тұрған сын-тегеуріндер хақында әңгіме етті.

11.Президенттің сөзінен 2016 жылда үкімет мұнай емес сектордың дамуына көңіл бөлетіні белгілі болды. Елдің мұнайға экономикалық тәуелділігін азайтуға бағытталған шаралар арта түсуде. Сонымен қатар, ел үкіметіне Мемлекеттік мұнай қоры қаржысын қорғау және Қордан мембюджетке трансферлерді азайту жөнінде нұсқау алды. (Әзербайжан Республикасының Президенті 2015 жылдың 19 қаңтарында Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай қорының 2015 жылға арналған бюджетін бекіту туралы

жарлыққа қол қойды, онда кіріс бөлігі 10 246 611.9 мың манат, ал шығыс бөлігі 11 813 909.2 мың манат). Бюджетті салық базасын кеңейту, кедендік тазалау мен импорт-экспорт операцияларының мөлдірлігін қамдау, сондай-ақ, қаржы бақылауды күшейту арқылы қалыптастыру жоспарлануда.

12. Алдын алу шарасы ретінде Әзербайжан үкіметі ауыл шаруашылығындағы реформаларды жалғастыруға, информация және коммуникация технологияларын дамытуға және тартымды әрі бәсекелесе алатын туризм секторын құруға тапсырма берді. Бұған қоса, Әзербайжан транспорт күре жолдарының табысты жұмыс істейтініне үміт артады. Үкіметтің Баку-Тбилиси-Карс темір жол құрылысын аяқтауы күтілуде, ал аталған жол - Орталық Европаны Қытайменен, кейіннен Жапонияменен жалғастырмақшы Шығыс-Батыс транспорт күре жолы жобасының бір бөлігі. Қазіргі кезде Шығыс-Батыс күре жолы әжептәуір табыс көзіне айналууда – Әзербайжан, Грузия және Түркия осы күре жолға қатысты ортақ тариф саясатын ұстануда.

13. 2015 жылдың қаңтар- қыркүйек айларында өнеркәсіп өнімі мен индустрияда көрсетілген қызмет көлемі AZN 19 715,5 млн-ға тең болды. Бұл оның алдындағы жылдың көрсеткішінен 2.1%-ке артық.

14. Мұнай өндіру көлемі AZN 14 081,7 млн-ға тең болып, алдағы жылмен салыстырғанда 0.7%-ке азайды.

15. Мұнай емес индустрия секторында AZN 5 633,8 млн болатын өнім өндіріліп, алдағы жылмен салыстырғанда 10.2%-ке көбейді. Осындай ұлғаюлар көлік және жабдық құрастыру мен жөндеуде (2.1 есе), химия өнеркәсібінде (97.2% өсім), электр жабдықтарын жасауда (20.8%), құрылыс материалдарын өндіруде (12,2%), метал өнеркәсібінде (by 5.1%) және тамақ өнеркәсібінде (by 3.6%) байқалды.

16. Тау-кен секторында минералдарды өңдеу 62.6%-ке, басқа өңделген өнім 29,4%-ке, электр энергиясы, газ және буды өндіру мен тарату 7,1%-ке, су жеткізу, қалдықты игеру және өңдеу 0,9%-ке өскен.

Қазақстан

Қазақстанның 2015 жылдағы басты макроэкономикалық көрсеткіштері (өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда %)

| | January-March | January-June | January-September | January-December |
|------------------------|---------------|--------------|-------------------|------------------|
| Жалпы ішкі өнім | 102,3 | 101,7 | 101,2 | 101,2 |
| Өнеркәсіп өнімі | 100,6 | 100,6 | 99,0 | 98,4 |
| Ауыл шаруашылығы өнімі | 103,0 | 103,0 | 103,1 | 104,4 |
| Инвестициялар | 102,9 | 104,4 | 103,5 | 103,7 |
| Жүк тасымалы | 102,3 | 102,4 | 101,1 | 99,7 |
| Бөлшек сауда айналымы | 103,6 | 102,9 | 102,4 | 99,6 |

дереккөз: ТМД Мемлекетаралық статистика комитеті

17. Қазақстанда Үдемелі индустриялы-инновациялы даму бағдарламасы (ҮИИД)

2010-2014 жылдарда жүзеге асқан кезде өнеркәсіп секторының дамуына сеп болған экономиканы диверсификациялау процесін шапшаңдатты.

18. Үдемелі индустриялы-инновациялы бағдарлама мұнай емес өнімдердің экспортының және экономиканың негізгі емес секторларына инвестицияның ұлғаюына оң ықпал етті.

19. Аталған программа өнім өндіру секторында жұмыспен қамту көлемін ұстап тұруға мүмкіндік берді. Алғашқы бес жылдық жоспарды жүзеге асыру барысында мемлекеттік жаңа инструменттері мен стратегиялары сынақтан өтті; үкімет минерал емес өнеркәсіптер үшін маңызы жоғары ірі жобалармен демелген индустрияны дамытатын институттардың пәрменді жүйесін қалыптастырды.

20. Жалпы алғанда, индустриялаудың алғашқы бесжылдығында Қазақстан 3 триллион теңге болатын жеке инвестицияларға сүйене отырып, жоспарланған 1042 жобаның 770-ін жүзеге асырды. Осы жаңа жобалар аясында 75 мың тұрақты жұмыс орны жаратылды. ҮИИД-1 кезеңінде Қазақстанның өнеркәсіп секторындағы еңбек өнімділігінің тез өсуі байқалды.

21. Болжамдарға сай, аталған жобалар 2020 жылдарға дейін Ішкі жалпы өнім 5-6.4%-ке өскен жағдайда, оның 1.2-1.8 процентін беретін болады.

- 22.2015 жылдан бастап индустрияландырудың екінші бесжылдық жоспары басталды. Бұл кезеңде жаңа мүмкіндіктерге ие болатын өнеркәсіпті қауырт дамытуға көңіл бөлінген. Сөйтіп, екінші бесжылдық жоспардың басты мақсаты – өнеркәсіп секторының түрленуі мен бәсекеге шыдамдылығын арттыру.
- 23.Аталған мақсатқа жету үшін келесі шаралар көзделеді: машина жасау секторын шапшаң дамыту; басым секторларда өндірістің тиімділігін жетілдіру және өнімнің қосымша құнын арттыру; мұнай емес өнімдердің экспортын арттыру; машина жасау индустриясының басым секторларының икемділік деңгейін көтеру және де инновациялық кластерлерді құра отырып осы саланың болашақ дамуына негіз қалау; өнім өндіру секторында іскерлік пен шағын және орта кәсіпорындардың дамуын қолдау.
- 24.Қазақстанның бесжылдық индустриялау стратегиясының екінші бөлігінің программасы саны шектеулі секторларға күш пен ресурстарды жұмылдыра отырып өндіріс индустриясының дамуына, кластерлерге сүйене отырып аймақтық өндірістік мамандануға және оңтайлы индустриялық реттеуге шоғырланған.
- 25.Жұмысшылардың қабілетін орта деңгейлі кәсіби мамандар деңгейіне көтеруге жағдайлар жасау үшін барлық тапсырмаларды орындау. Осылайша, экономикадағы жұмыс күшінің құрамында 2030 жылдарға қарай орта деңгейлі кәсіби мамандар үлесін арттырып, біліктілігі төмен жұмысшылардың үлесін азайту көзделуде. Сарапшылардың пікірінше, 2030 жылға қарай экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 9.4 миллионға жетіп, 11%-ке өспек. Орта деңгейлі кәсіби мамандар саны 2030 жылға қарай 680 мың адамға көбеймек.

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасының 2015 жылдағы басты макроэкономикалық көрсеткіштері (өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда %)

| | <i>January-March</i> | <i>January-June</i> | <i>January-September</i> | <i>January-December</i> |
|------------------------|----------------------|---------------------|--------------------------|-------------------------|
| Жалпы ішкі өнім | 107,0 | 107,3 | 106,3 | 103,5 |
| Өнеркәсіп өнімі | 120,9 | 123,6 | 117,4 | 95,6 |
| Ауыл шаруашылығы өнімі | 101,6 | 102,4 | 106,1 | 106,2 |
| Инвестиция | 105,9 | 106,8 | 104,5 | 108,0 |
| Жүк тасымалы | 101,8 | 102,4 | 101,9 | 102,7 |
| Бөлшек сауда айналымы | 104,8 | 105,0 | 105,6 | 106,0 |

дереккөз: ТМД Мемлекетаралық статистика комитеті

26.Қырғыз Республикасының 2013-2017 жылдарға арналған ұлттық орнықты даму стратегиясы үкіметтің стратегиялық маңызды векторларда шешуші реформаларды іске асыруын көздейді. Стратегияда ұзақ мерзімді қауырт даму үшін арнайы межелер белгіленген.

27.Стратегия жүзеге асатын бес жыл ішінде ұлттық энергетика секторының өндіріс көлемін арттыру мақсатымен ірі құрылымдық өзгерістер болып, үлкен инвестициялық жобалар жүзеге аспақшы. Діттеген межеге жеткен жағдайда 2017 жылға қарай ел өзінің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін болады және энергия елдің әр тұсына орынды бағаға тұрақты түрде жеткізіліп тұратын болады. Осылайша, Қырғызстан энергетикаға деген ішкі сұранысты қамдап, аймақтағы озық электр экспорттаушыға айналу мақсат тұтады. Осымен қатар, табиғи ресурстар үнемді пайдаланылатын болады.

28.Аталған бес жылда 350 мың жұмыс орны пайда болады – бұл дегеніміз әр жанұяда кем дегенде бір жұмыс істейтін адам болады деген сөз. Орташа жалақы 11.5 мың сомнан 2017 жылға қарай 26 мың сомға өсетін болады. Кедейлік әжептәуір азайып қазіргі 37%-тен 2017 жылы 25%-ке түсетін болады. Кедейліктің азаюы халықтың 60%-і тұратын ауылды аймақтағы тұрмыс деңгейін жақсарту арқылы мүмкін болады. Ауыл шаруашылығы

ауылды аймақтарда тұратын тұрғындар үшін тұрақты табыс көзіне айналып, елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады.

29.Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитетінің деректеріне сай, елдегі экономиканың өсімі 2015 жылы 103.5% болған.

30.2015 жылғы экономикалық өсімге барлық сектор дерлік үлес қосты: ауыл шаруашылығы 0.9%-ке, құрылыс 1.1%-ке, қызметтер 1.7%-ке өскен, ал өндіріс секторы 0.7%-ге қысқарған.

Түркия

31.Түркияның жалпы ішкі өнімі 2015 жылдың қыркүйегінде өткен жылмен салыстырғанда өскен, ал одан бұрынғы тоқсанда 1.4 процентке ұлғайған еді. Бөлшек сауда мен үкімет шығындары оң әсер етсе, инвестицияның азаюы кері әсер еткен. Үкіметтің жұмсаған қаражаты 3.1 процентке өскен,(2-нші тоқсанда +2.5 процент болған еді), ал бөлшек сауда 1.6 процентке өскен. Инвестициялар 5.8 процентке азайған.

32.2015 жылдың 2-тоқсанында ел экспорты 1.5 процентке азайса, 3-тоқсанда 1.7 процентке өскен. Испорт азаюын жалғастыруда (2-тоқсанда - 0.6%-ке, 3-тоқсанда 5.1%-ке кеміген). 3-тоқсанда өткен жылдың осы тоқсанымен салыстырғанда экономика 4 процентке өскен.

33.Қаржы тәртібі мен қатал қаржы саясаты Түркияның экономикалық программасының басты тіреулері болып қалуда және елдегі дисинфляция мен экономиканың тәуір өсуіне себепкер болды. Оң макроэкономикалық стратегияларға қосымша Түркия жан-жақты әрі алысты көздеген структуралық реформаларлы жүзеге асырды.

34.Басқа елдердің тәжірибелерімен салыстырғанда, Түркияның табысы шапшаң структуралық және институциональді өзгерістерді енгізуімен байланысты болып отыр. Шынтуайтына келгенде, Түркия қаржы секторын қайта құруда, үкімет секторын басқару мен іскерлік ахуалды жақсартуда анағұрлым жетістіктерге қол жеткізді.

35. Жүзеге асқан структуралық реформалардың мақсаты келесідей болды:

- Түркия экономикасының жеке секторының рөлін арттыру
- Қаржы секторының тиімділігі мен шыдамдылығын арттыру
- Әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру.

36. Түркия экономикасының өсе түсуіне орай тұрмыс деңгейі де әжептәуір жоғарылады. Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2003 жылғы 4,565 АҚШ долларынан 2014 жылы 10,505 АҚШ долларына жетті.

37. Түркия технологиялық озық әрі әлем рыногымен жақсы байласқан мықты товар өндіру секторын дамытты, бәсекеге төтеп бере алатын ауыл шаруашылығы индустриясы мен туризмді дамытты.

38. Адам ресурсына инвестициялар экспортқа негізделген өнеркәсіпті өркендеткенде маңызды фактор болды. Сауатты, шебер әрі құны арзан жұмыс күшінің болуы Түркияда озық технологияларға сүйенген индустрияларды дамытқанда аса маңызды болды. Жалпы алғанда, адам ресурсын дамыту өнеркәсіп өнімділігі мен бәсекеге қабілетті арттырды.

39. Түркия үкіметі шағын және орта кәсіпорындардың дамуына және олардың шетелдік рыноктарға орнығуына жәрдем көрсетуде. Осындай стратегия бәсекеге шыдас беретін индустриялардың дамуын шапшаңдату ісінде өзінің тиімділігін танытты.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

40. ТүркПА-ға мүше елдердің біршама шаруашылық тәжірибесі бар, енді олар өз экономикаларын анағұрлым түрлендіру жолына түсті.

41. ТүркПА өзіне мүше елдер арасындағы экономикалық әрекеттестікті дамытуды басым бағыттардың бірі санайды. Осы ретте, мүше елдерде сауда және инвестиция үшін қолайлы жағдайлар жасау ерекше маңызға ие.

42. 3-інші пленарлық сессия кезінде қабылданған Бішкек декларациясында ТүркПА экономикалық интеграцияны түркітілдес елдердің аймақтық интеграциясының негізгі күші ретінде қарастырады және үкіметтерді мүше

елдер арасындағы өзара сауда-экономикалық қатынастарды үдетуге шақырады.

43. Жоғарыдағы айтылғандарды ескерсек, институттанған экономикалық ынтымақтастықтың дамуы мүше елдердің экономикаларын түрлендіруге қажет ірі тетік бола алады.

44. Осы баяндаманың негізгі түйгені, ол – демеу стратегиясына сүйенген орта мүше елдердің өз экономикаларын табысты түрлендіруге септігін тигізе алады.

45. Осы шолу диверсификация стратегиясының жетістіктерге жетуіне маңызды болып саналатын айрықша жайттарды (факторларды) анықтайды. Жалпы алғанда олар:

a) Оң әрі қолайлы макроэкономикалық ортаны ұстап тұру;

b) Жергілікті жағдайлар мен географиялық факторларды ескеретін орынды диверсификация стратегиясын түзу;

d) Түрлендіру процесіне қолғабыс бола алатын пәрменді үкімет институттарын жарату;

e) Қаржы ресурстарын жұмылдыратын стратегиялар қабылдау;

f) Диверсификацияны көздеген талпыныстарға қажет тиісті инфрақұрылым құру.